

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш.ЕСЕНОВ атындағы КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ  
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ИНСТИТУТЫ  
«МҰНАЙ ГАЗ ІСІ» КАФЕДРАСЫ

**М.Қ.ҚАРАЖАНОВА**

*«Машиналар мен жабдықтарды дайындау технологиясы» пәні бойынша  
сарамандық сабақтарға арналған әдістемелік құрал  
(5B072400 – «Технологиялық машиналар мен жабдықтар» мамандығына  
арналған)*

Ақтау 2011г

УДК 621.01(075.8)  
ББК 34.42 я73  
М 32

Пікір жазған: т.ғ.к. доцент Джумағазиева Ш.К,  
Ерғалиев Ж.Ж. - «Каскор машзавод» АҚ техникалық директоры

М 32 «Машиналар мен жабдықтарды дайындау технологиясы» пәні бойынша сарамандық сабақтарға арналған әдістемелік құрал (5В072400 – «Технологиялық машиналар мен жабдықтар»)/ Құраст.: М.Қ.Қаражанова – Ақтау: Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011.- 32 бет

ISBN 978-601-7276-68-3

Берілген әдістемелік құралда тетіктерді дайындаудағы технологиялық процестерді жобалауға арналған есептер, түрлі дайындамаларды қондыру кезіндегі қателіктерді есептеу, дайындаудың қзіндік құнын есептеу, нұсқаларды салыстыру және бұйым сапасын технологиялық қамтамасыз ету қарастырылған.

УДК 621.01(075.8)  
ББК 34.42 я73

Баспаға Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған.

ISBN 978-601-7276-68-3

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011

## Кіріспе

Пәнді үйренудің негізгі мақсаты - студенттердің машиналарды ең аз энергетикалық қор мен еңбек шығынын жұмсай отырып, қажетті сапаға сәйкес дайындаудың технологиялық процестерін жобалау негіздерін, қазіргі заманғы технологиялық процестерді игеру әдістерін үйренуі болып табылады.

«Машиналар мен жабдықтарды дайындау технологиясы» пәнін үйрену нәтижесінде студент білуі тиіс: еталдар мен қортпалардың физикалық химиялық қасиеттерін, дайындамаларды алудың қазіргі заманғы әдістерін, құрылмалық материалдарды өңдеу негіздерін; машиналарды құрастыру мен дайындамаларды өңдеудің қолданыстағы дәстүрлі және автоматтандырылған әдістерін талдай отырып, жаңа технологиялық процестерді жобалау; жекелеген станоктарда, автоматты желілерде және автоматтандырылған бөліктерде дайындамаларды өңдеу және бұйымдарды жасаудың технологиялық процестерін жобалау; бұйымдардың сапасын, еңбек өнімділігін жоғарылату және өзіндік құнды төмендету мақсатында құрастыру және механикалық өңдеудің технологиялық процестерін жетілдіру бойынша зерттеулер жүргізу; жинақтау және бақылау жұмыстарын, автоматтандыру жабдықтарын, автоматты желілердің құрал жабдықтарын, технологиялық жабдықтарды жобалауға және жетілдіруге байланысты техникалық тапсырыстар жасау.

Пәннің мазмұны мына тақырыптардан тұрады: тетіктерді дайындау технологиясы; базалық тетіктер мен тұғырықтарды дайындау технологиясы; қаңқалық тетіктерді дайындау технологиясы; біліктерді дайындау технологиясы; тісті берілістердің тетіктерін дайындау технологиясы; жинақтау технологиясы.

Сарамандық сабақтар мына тақырыптарды қамтиды:

Жекелеген құрастыру жұмыстарын орындау кезіндегі есептер – тетіктерді дайындаудың (пресстеу, тойтару) технологиялық процестерін жобалаудағы есептерді қарастырады: тетік құрылмасының технологиялығын есептеу – құрылма дайындалуының өндірістік және экономикалық талаптарға сай болу дәрежесін анықтайды: қателіктерді есептеу – жабдықтарда қондырылған дайындамалардағы тетіктердің пайдалану кезінде тозғанша бекітілу қателігін анықтайды: әдіптерді есептеу – біліктерді дайындау кезінде бетіндегі ақауларды және білік өткелдеріндегі өңделу қателіктерін жоюға жеткілікті әдіптеудің ең аз шамасын есептеу: технологиялық өзіндік құнды есептеу – дайындалудың өзіндік құнын анықтау, нұсқаларды салыстыру, тиімді нұсқаны таңдау; бұйым сапасын технологиялық қамтамасыз ету – идеалды геометриялық қалыптан ауытқуды анықтау, мұнда күтілетін кедір – бұдырлықты анықтау қарастырылады.

## 1. Тетіктерді дайындау технологиясы

### 1.1 Жекелеген құрастыру жұмыстарын орындау кезіндегі есептер Теориялық бөлім

Жекелеген құрастыру жұмыстарын жобалау кезінде берілген жабдықтың сипаттамасын анықтайтын, тұтас қосылыстарды жинақтауға қажетті күштерді анықтауға байланысты есептер орындалады.

Кепілді тартылысты қосылыстар престоумен (ұзына бойы престоу) немесе жалғанатын тетіктерге жылумен әсер ету арқылы (көлденең престоу) жасалады.

Престоу кезінде жинақтауға қажет болатын күш мына формуламен анықталады:

$$P = f\pi dl\rho \quad (1.1)$$

мұндағы  $f$  - жанасу бетіндегі үйкеліс коэффициенті ( $f = 0,08 \dots 0,1$ );

$d$  – жалғанудың нақты диаметрі, мм;

$l$  – жалғанатын беттердің ұзындығы, мм;

$\rho$  – жанасу бетіндегі қысым, МПа. Бұл қысым:

$$\rho = \frac{i \cdot 10^{-3}}{d \left( \frac{C_1}{E_1} + \frac{C_2}{E_2} \right)} \quad (1.2)$$

мұндағы  $i$  – жалғанудағы тартылыс, мкм;

$E_1, E_2$  – білік және төлке материалдарының сәйкесінше серпімділік модульдары, ГПа.

Коэффициенттер:

$$C_1 = \frac{d^2 + d_1^2}{d^2 - d_1^2} - \mu_1; \quad C_2 = \frac{d_2^2 + d_2}{d_2^2 - d^2} - \mu_2 \quad (1.3)$$

мұндағы  $d_1$  – қуыс білік тесігінің диаметрі, мм;

$d_2$  – престелетін тетіктің (төлкенің) сыртқы диаметрі, мм;

$\mu_1, \mu_2$  – білік және төлке материалдарының сәйкесінше Пуассон коэффициенті.

Тұтас білік үшін  $d_1 = 0$  б  $C_1 = 1 - \mu$

Есептелетін тартылыс жалғанатын беттердің кедір – бұдырлылығын ескере отырып анықталады:

$$i = \Delta d - 1,2(Rz_1 + Rz_2), \quad (1.4)$$

мұндағы  $\Delta d$  - қамтушы және қамтылатын тетік диаметрлерінің ең жоғары айырмасы мкм;

$Rz_1, Rz_2$  – кескіндегі тегіс емес жерлердің он нүкте бойынша биіктігі, мкм.

Жылуды қолданып жинақтау кезінде процестің басында болуға тиісті қамтушы тетіктің қыздыру температурасын немесе қамтылатын тетіктің салқындау температурасын мына тәуелділік бойынша анықтайды:

$$T_n > \frac{\Delta d \cdot 10^{-3}}{\alpha d}, \quad (1.5)$$

мұндағы  $\alpha$  - тетік материалының ұлғаю коэффициенті;

$d$  – жалғанудың нақты диаметрі, мм;

Тетікті қыздырушы (салқындатушы) құрылғыдан жинақтау жағдайына ауыстырған кезде оның салқындауы (қыздырылуы) сөзсіз. Тетікті ауыстыру уақытын  $t$ , мин, біле отырып, оның қыздырушы (салқындатушы) құрылғыдан ауыстыру кезіндегі температурасын  $T_B$  анықтауға болады:

$$T_B = T + \frac{\dot{\theta}_t - \dot{\theta}}{e^{-kt}}, \quad (1.6)$$

$T$  – қоршаған орта температурасы,  $^{\circ}\text{C}$ .

$k$  көрсеткіші тетіктің өлшемдері мен пішініне, материалы мен қыздыру (салқындату) әдісіне байланысты. Оны тәжірибе жүзінде анықтайды. Жапсару процесі кезіндегі күшті мына формуламен анықтауға болады:

$$P = \Phi d^{1.75} \sigma_a^{1.75} \quad (1.7)$$

$\Phi$  – жапсарушы пішіннің коэффициенті (кесте 1.1)

$d$  – жапсарушы өзегінің диаметрі, мм;

$\sigma$  – жапсарушы материалының ұлғаю кезіндегі беріктілік шегі, МПа.

$\Phi$  коэффициентінің мәндері

Кесте 1.1

Жапсару түрлері	$\Phi$
Сфералық пішінмен	28,6
Жалпақ және жасырынды пішін	26,2
Жалпақ пішінмен	15,2
Түтікті пішін	4,33
Жартылай түтікті	4,33

Біліктеу операцияларын орындау кезінде түтік шеттерін конуска отырғызу үшін  $P_0$  және түтіктерді жиектеуге қажетті  $P_{отб}$ , күштері мына тәуелділік бойынша анықталады:

$$P_0 = P_{отб} = K \frac{S(D+d)}{2} \frac{D_1}{D} \sigma_0 \quad (1.8)$$

$K$  – түтік материалының қасиетін, өлшемін және орындалатын жұмыс сипатының коэффициенті, (кесте 1.2 )

$K$  коэффициентінің мәндері

Кесте 1.2

Түтік материалы	Біліктеу	Жиектеу
Мыс	45	57
Болат	55	78

$S$  – қабырғы қалыңдығы, мм

$D, d$  – түтіктің ішкі және сыртқы диаметрлері, мм;

$D_1$  - түтіктің біліктелген шетінің диаметрі

$\sigma_0$  - түтік материалының беріктілік шегі, МПа.

**1 есеп.** Қола төлке ( $E = 100$  ГПа,  $\mu = 0,05$ ) шойыннан жасалған қаңқаға ( $E = 120$  ГПа,  $\mu = 0,07$ ), престеліп, жалғанады. Төлкенің сыртқы диаметрі  $40^{+0,068}_{+0,043}$  мм, ішкі диаметрі  $30_{-0,2}$  мм, қаңқа тесігінің ішкі диаметрі  $40_{+0,039}$  мм. Төлке мен қаңқа тесігінің жанасу беттерінің кедір – бұдырлығы  $Rz = 6,2$  мкм. Престелу ұзындығы  $L = 40$  мм. Престелу кезіндегі үйкеліс коэффициенті  $f = 0,08$ . Престеуге қажетті күшті анықтау керек.

**2 есеп.** Диаметрі  $60 \text{ h}8$  мм, бетінің кедір – бұдырлығы  $Rz = 3,8$  мкм болат білікке сыртқы диаметрі  $80^{+0,3}$  мм және ішкі диаметрі  $60 \text{ U}8$  мм. қола төлке престеліп жалғанады. Төлкенің ішкі бетінің кедір – бұдырлығы  $Rz = 2,8$  мкм. Төлке мен білік өзегінің ұзындығы  $30$  мм. Престелу кезіндегі үйкеліс коэффициенті  $f = 0,1$ . Престеуге қажетті күшті анықтау керек.

**3 есеп.** 1.3 кестедегі мәліметтер бойынша салқын жапсару кезінде қажетті күшті есептеу керек.

Кесте 1.3

Нұсқа	Жапсарылу түрі	Жапсарушы материалы	Өзек диаметрі, мм
1	Сфералық пішінмен	болат	6
2	Жалпақ және жасырынды пішін	мыс	10
3	Жалпақ пішінмен	жез	12
4	Түтікті пішін	Алюминий қортпа	8
5	Жартылай түтікті	мыс	16

**4 есеп.** 1.4 кестедегі мәліметтер бойынша түтіктерді біліктеуге және жиектеуге қажетті күшті анықтау қажет:

Кесте 1.4

Нұсқа	Түтік материалы	Орындалатын операция	Сыртқы диаметр $D$ , мм	Ішкі диаметр $d$ , мм
1	Медь	Біліктеу	14	10
2	Медь	Жиектеу	16	12
3	Сталь	Біліктеу	12	8
4	сталь	Жиектеу	14	10

## 2. Базалық тетіктер мен тұғырықтарды дайындау технологиясы

### 2.1 Тетік құрылмасының технологиялылығы

Технологиялылық - жасалу, пайдалану және жөндеу кезінде жұмыстың орындалу шартының, шығарылу көлемінің, сапасының берілген көрсеткіштерінде аз шығынмен тиімді нәтижеге бейімделуін анықтайтын бұйым құрылмасы қасиеттерінің қосындысы. Тетік құрылмасының өндірістік технологиялылығы – оның дайындалу бойынша жоғары өнімділік пен үнемділік талаптарына сәйкес болу дәрежесі. Дайындалудың өзіндік құны мен еңбек сыйымдылығы неғұрлым аз болса, тетік құрылмасы соғұрлым технологиялы болады.

Құрылма технологиялылығын бағалау екі түрде жүргізіледі: сапалық және сандық. Технологиялылықты сапалық бағалау алдын ала, жалпылама түрде болады және «сапасы жоғары – төмен», «ұсынылады - ұсынылынбайды», «технологиялы – технологиялы емес», т.б. көрсеткіштермен сипатталады.

Сапалық бағалау кезінде технологиялылық деп тетік пен оның жеке бөлшектерінің материалдың аз шығынын, дайындау әдісінің тиімді және үнемді түрін қолдануды ескерген геометриялық пішінді үйлесімін айтады. Технологиялылықты сандық бағалау сандық мәні технологиялылық талаптарды қанағаттандыру дәрежесін сипаттайтын көрсеткішпен анықталады. Өндірістік жағдайда технологиялылықтың сандық бағалауын еңбек сыйымдылығы қосындысымен  $\sum T_{ш.к.}$  және  $C_T$  технологиялылық өзіндік құнмен, сондай – ақ, тетік сызбасы бойынша анықталатын техникалық көрсеткіштермен сипаттауға болады. Оларға  $K_T$  дәлдік коэффициенті  $K_T$  және кедір – бұдырлық коэффициенті  $K_{III}$  жатады.

$$K_T = 1 - \frac{1}{\bar{\delta}}, \quad (2.1)$$

$$\bar{\delta} = \frac{\sum \delta_i n_i}{\sum n_i} \quad (2.2)$$

$$K_{III} = \frac{1}{Ra_{\bar{\delta}}} \quad (2.3)$$

$$Ra_{\bar{\delta}} = \frac{\sum Ra_i n_i}{\sum n_i} \quad (2.4)$$

$T_i, Ra_i$  - өңделетін беттердің сәйкесінше дәлдік квалитеттері және кедір – бұдырлық параметрінің мәндері;

$T_{\bar{\delta}}, Ra_{\bar{\delta}}$  - бұл параметрлердің орташа мәндері;

$n_i$  - әрбір кедір – бұдырлық параметрінің мәні мен квалитет үшін бет немесе өлшем саны. Жалпы түрде тетік технологиялылығы оның көрсеткіштері (индекс «д») мен оған сәйкес аналог – тетіктің көрсеткіштерін (индекс «а») салыстырумен бағалануы қажет. Аналог – тетік дегеніміз – бұйымда талданатын тетік сияқты міндет атқаратын, және базалық көрсеткіштері белгілі базалық тетік. Яғни  $P_d$  көрсеткіші  $P_a$  көрсеткішімен салыстырылады. Тетіктің еңбексыйымдылығы  $T_d$  мына түрде анықталуы мүмкін:

$$T_d = T_a K_M K_{сл} K_N \quad (2.5)$$

$T_a$  – аналог тетікті өңдеудің еңбек сыйымдылығы, мин;

$K_M, K_{сл}, K_N$  - масса бойынша, өңдеу күрделілігі бойынша және шығарылу жоспары бойынша сәйкесінше тетіктің және аналог тетіктің айырмашылықтарын көрсететін коэффициенттер.

$$K_M = \left( \frac{\dot{I}}{I} \frac{\dot{a}}{a} \right)^{0,67} \quad (2.6)$$

Мұндағы  $M_d$  и  $M_a$  – сәйкесінше тетіктің және аналог – тетіктің массасы, кг.

$$\text{Коэффициент } K_{\text{сл}} = \frac{K_{T_{\text{нм.д}}} K_{\text{ш.нм.д}}}{K_{T_{\text{нм.а}}} K_{\text{ш.нм.а}}}, \quad (2.7)$$

$K_{T_{\text{нм.д}}}$ ,  $K_{\text{ш.нм.д}}$  и  $K_{T_{\text{нм.а}}}$ ,  $K_{\text{ш.нм.а}}$  – тетік пен аналог – тетіктің сәйкесінше дәлдік квалитеті мен кедір – бұдырлық параметр мәнінің өзгеруіне байланысты еңбексыйымдылықтың да өзгеруін көрсететін коэффициенттер.

$$\text{Мұнда } K_{T_{\text{нм.}}} = 4T_{\text{нм.}}^{-0,63}$$

$$K_{\text{ш.нм.}} = 1,19 Ra_{\text{нм.}}^{-0,071}$$

$T_{\text{нм}}$ ,  $Ra_{\text{нм}}$  – беттің кедір – бұдырлық параметрі мен дәлдік квалитеттің сәйкесінше ең төменгі мәндері. Коэффициент

$$K_N = \left(\frac{N_a}{N_d}\right)^m \quad (2.8)$$

$N_a$ ,  $N_d$  – тетік пен аналогтың сәйкесінше жылдық шығарылу өнімі, дана.,  $a$   $m$  – формуламен анықталатын дәреже көрсеткіші:

$$m = 0,2M_d^{-0,045}$$

**Мысал.** Тетікті өңдеу кезіндегі еңбек сыйымдылығын технологиялылыққа анықтау қажет, егер, аналог тетіктің еңбек сыйымдылығы  $T_a = 36$  мин. Өнімнің жылдық шығарылу көлемі  $N = 1000$  дана. Тетіктің массасы  $M_d = 2,2$  кг, аналог массасы  $M_a = 2,6$  кг, тетіктің және аналогтың ең аз квалитеті мен кедір – бұдырлық параметрі сәйкесінше  $T_{\text{нм.д}} = 8$  к,  $T_{\text{нм.а}} = 10$  и  $Ra_{\text{нм.д}} = 1,25$  мкм,  $Ra_{\text{нм.а}} = 2,5$  мкм. Тетіктің жылдық шығарылу көлемі жобамен  $N_d = 1250$  дана.

Шешуі. формулаларға сәйкес

$$K_M = (2,2/2,6)^{0,67} = 0,894$$

$$K_{T_{\text{нм.д}}} = 4 * 8^{-0,63} = 1,08$$

$$K_{T_{\text{нм.а}}} = 4 * 10^{-0,63} = 0,94$$

$$K_{\text{ш.нм.д}} = 1,19 * 1,25^{-0,071} = 1,17$$

$$K_{\text{ш.нм.а}} = 1,19 * 2,5^{-0,045} = 0,193$$

$$K_{\text{сл}} = 1,08 * 1,17 / (0,94 * 1,11) = 1,2$$

$$m = 0,2 * 2,2^{-0,045} = 0,193$$

$$K_N = (1000/1250)^{0,193} = 0,96$$

$$T_d = 36 * 0,894 * 1,2 * 0,96 = 37 \text{ мин.}$$

Сонымен, тетікті өңдеудің күрделілігіне байланысты еңбек сыйымдылығының көбеюіне қарамастан ( $K > 1$ ), тетіктің технологиялылығы еңбек сыйымдылығы бойынша аналогпен салыстырғанда өзгермейді, өйткені массасы азайтылып, жылдық шығарылу көлемі көбейтілді.



**Есеп.** Кестеде келтірілген нұсқалар бойынша тетікті өңдеу кезіндегі еңбек сыйымдылығын технологиялылыққа анықтау қажет.

Кесте 2.1

Нұсқа	Тетік				Аналог - тетік				
	М <sub>д</sub> ,кг	T <sub>нм.д</sub>	Ra <sub>нм.д,мкм</sub>	N <sub>д,шт</sub>	М <sub>а</sub> ,кг	T <sub>нм.а</sub>	Ra <sub>нм.а,мкм</sub>	N <sub>а,шт</sub>	T <sub>а,мин</sub>
1	2,3	8	2,5	1500	2,8	7	1,25	1000	36,0
2	7,2	10	6,3	2500	6,9	9	2,5	3000	15,8
3	12,4	9	2,5	1000	13,7	10	5,3	1500	42,0
4	1,2	7	0,63	1500	1,5	6	0,32	1000	25,0
5	2,8	6	0,32	60000	2,3	7	0,63	40000	10,6
6	0,8	11	2,5	25000	1,1	10	1,25	30000	31,0
7	6,5	10	1,25	25000	6,1	9	0,63	15000	22,0
8	10,0	10	2,5	1000	9,2	11	6,3	1200	13,5
9	21,6	8	1,25	25000	22,8	9	2,5	2000	7,5
10	16,4	7	0,63	500	14,8	6	0,32	1000	26,0
11	8,6	7	1,25	800	10,0	8	2,5	600	18,0
12	2,6	12	6,3	3500	2,9	10	2,5	5000	34,0

### 3. Дайындамаларды жабдықтарға қондыру кезіндегі қателіктерді есептеу

#### 3.1 Бекіту қателіктерін есептеу

Бекіту қателіктері қондырғы қателігінің белгілі бір құрамасы болып табылады. Қателіктерді  $\varepsilon_3$ ,  $\varepsilon_{3.0}$ ,  $\varepsilon_{3.и}$  анықтау үшін кестеде келтірілген формулалар қолданылады.

Бекіту қателіктерін  $\varepsilon_3$  есептеуге арналған формулалар

**Кесте 3.1**

Бекіту қателігі	Басы сфера түріндегі тіректер (ГОСТ 13441 – 68*)	Басы көртілген түрдегі тіректер (ГОСТ 13441 – 68*)	Жалпақ басты тіректер және тіреуіш пластиналар (ГОСТ 13441 – 68*)	Призмалар
$\varepsilon_3'$ – бекіту күшінің тұрақсыздығынан	$\{6,2[\theta / (rQ)]^{\frac{1}{3}} + R_{\max_3} / (19,56Q)^{\frac{8}{9}} \times [1/0,4HB(\theta_r)^{\frac{2}{3}}]^{\frac{1}{3}}\} \Delta Q$	$0,15R_{\max_3} / Q^{\frac{2}{3}} \times [t^2 / (\pi D^2 b_1^2 HB)]^{\frac{1}{3}} \Delta Q$	$\{0,4(4 + R_{\max_3}) / [(2 + \nu_3) \times Q^{(2+\nu_3)/(3+\nu_3)}] \times [100 / (Ac' \sigma_T b_{\Sigma})]^{1/(3+\nu_3)} + 0,9(R_{\text{в.3.}}/Q)^{1/3} \times (W_3 \theta / A)^{2/3}\} \Delta Q$	$(0,1C_M / \sin \alpha) \Delta q$
$\varepsilon_3''$ – дайындама базасының кедір – бұдырлығының бірыңғай болмауынан	$[Q^{\frac{1}{3}} / (22,4HB(\theta_r)^{\frac{2}{3}})^{\frac{1}{3}}] \times \Delta R_{\max_3}$	$0,46 [Qt^2 / (\pi D^2 b_1 HB)^{\frac{1}{3}}] \times \Delta R_{\max_3}$	$[Q / (Ac' \sigma_T b_{\Sigma})]^{1/(3+\nu_3)} \Delta R_{\max_3}$	$\{1,1q^{1/[10(\nu_0+\nu)]} \times K_1 a_1 / [\sin \alpha (1 + W_3 + Rz_0 + Rz_3)^{1-s_1}]\} \Delta Rz_3$
$\varepsilon_3'''$ – дайындама базасының толқындылығының бірыңғай болмауынан	0	0	$4,3 \cdot 10^{-2} (\theta Q / A)^{\frac{2}{3}} \times [(W_3 / R_{\text{в.3.}})^{\frac{2}{3}} \Delta R_{\text{в.3.}} + 2(R_{\text{в.3.}}/W_3)^{1/3} \Delta W]_3$	$\{0,87q^{0,2} Ka / [\sin \alpha d^{0,2} \times (1 + W_3)^{1-a}]\} \Delta W_3$
$\varepsilon_{3.и}$ – қондыру элементіндегі тірек бетінің тозуынан	$125 \left\{ \begin{aligned} & (\theta Q / r^2)^{\frac{2}{3}} + R_{\max_3} / r^{\frac{11}{9}} \times \\ & [Q^{\frac{1}{3}} / 10,4HB\theta^{\frac{2}{3}}] \times (r_u - r) \end{aligned} \right\}$	$0,46 R_{\max_3} [Qt^2 / (\pi D^2 HB)]^{\frac{1}{3}} \times [1/b_1^{\frac{2}{3}} - 1/(b_1 + 2u)^{\frac{2}{3}}]$	0	$0,1 / \sin \alpha [0,4C_i q / (1 + K_\varepsilon)^2 + 3K(1 + W_3)^a / (1 + K_u)^{0,4} \times (q/d)^{0,2}] (K_\varepsilon - 1)$

Кестеге түсіндірме:

1.  $\varepsilon_3 = \cos\beta(\varepsilon_{3.o.} + \varepsilon_{3.u.})$  - бекітудің жиынтық қателігі, мұндағы  $\beta$  - ұстанатын өлшем бағыты мен ең үлкен ауытқу арасындағы бұрыш. Бұл жерде

$$\varepsilon_{3.o.} = \sqrt{(\varepsilon_{3i}^I)^2 + (\varepsilon_3^II)^2 + (\varepsilon_3^III)^2}.$$

2.  $Q$  – тірекке нормаль бойымен әсер ететін күш сила, Н.

3.  $q$  - призманың жұмыс беттеріне нормаль бойынша әсер ететін жиынтық сызықтық салмақ, Н/см.

4. Дайындама беттерінің сапалық параметрлері – кесте бойынша

5. Призманың базалық бетінің ауытқуы ескерілген кедір – бұдырлық параметрлері

$\gamma$ :  $Rz_0 = 1,1$  мкм,  $\nu_0 = 1,4$  – пайдалануда болған призмалар үшін.

6.  $K, a, K_1$  и  $a_1$  – коэффициенттер

7.  $\Delta$  индексі бар шамалар сәйкесінше параметрлер тұрақсыздығын көрсетеді.

8. «з» и «о» индекстері параметрлердің сәйкесінше дайындамаға және тірекке қатысын көрсетеді.

9.  $E_0, E_3, \mu_0, \mu_3$  - сәйкесінше серпімділік модулдері ,ГПа, және и Пуассон коэффициенттері .

10. Тірек пен дайындама материалдарының серпімді тұрақтылығы (1/ГПа)

$$\theta = \frac{1 - \mu_0^2}{E_0} + \frac{1 - \mu_3^2}{E_3}.$$

11.  $HV$  – Бринель бойынша беріктігі.

12.  $c'$  – дайындалмай өңделген қабатшалардың бетін қатайту дәрежесін сипаттайтын шексіз коэффициент.

13.  $d$  – дайындаманың цилиндрлік базасының диаметрі, мм .

14.  $T_d$  –диаметрге рұқсат етілу  $d$ , мм

15.  $\sigma_0$  - дайындама материалының шегі ағындық ,МПа.

16.  $A$  – тіректің нақты ауданы,мм<sup>2</sup>

17.  $r_{и} = r^2/(r - 8u)$  – тозған радиусы,мм, мұндағы  $r$  – тозбаған сфералық тіректің радиусы, мм (ГОСТ 13441 – 68\*)

18.  $u$  – тіректің (призманың) сызықтық тозуы, мм.

19.  $2\alpha$  - призма бұрышы

20.  $R_{max}$  – кескіндегі тегіс емес жерлердің ең жоғары биіктігі, мкм.

21.  $Rz$  – кескіндегі тегіс емес жерлердің он нүкте бойынша биіктігі,мкм

22.  $Ra$  - кескіннің орташа арифметикалық ауытқуы, мкм

23. Практикалық есептерде  $R_{max} \approx 1,25Rz \approx 6Ra$  қабылданады.

24.  $\nu, b$  - тіреу қисығының өлшемсіз параметрлері

25.  $W, R_b$  – бет толқынының сәйкесінше биіктігі мен ұзындығы

26.  $b_\Sigma$  - дайындама базасының тірекпен байланысу шартын сипаттайтын, беттің тіреу қисығының келтірілген өлшемсіз параметрі:

$$b_\Sigma = \frac{0,24(0,4 - 0,1\nu_3) b_3 (4 + R_{\max_3})^{2+\nu_3}}{R_{\max_3}^{\nu_3}}$$

27.  $K_L$  - призма тозуының әсерін ескеретін өлшемсіз коэффициент:

$$K_u = \sqrt{R_u} / (R_u - 0,5d)$$

Мұндағы  $R_H$  - призманың тозған бетінің радиусы, мм; егер дайындаманың өңделетін беті призманың бір жақ бетіне орналасса:

$$R_H = 0,22 [ \sqrt{2,28du} + (0,5T_d + 0,57u) \operatorname{ctg} \alpha ]^2 / u;$$

Егер екі жағынан орналасса:

$$R_H = 0,125 [ 2\sqrt{du} + (0,5T_d + u) \operatorname{ctg} \alpha ]^2 / u$$

28.  $C_M, C_B, C_{III}$  - есептеудің өлшемсіз коэффициенттері

29. Пайдалануда болмаған тіректерді жобалау есебінде  $\gamma_H = \gamma$ ;  $K_H = 0$  и  $K=1$  болып қабылданады.

30.  $D, t, b_i$  – басы кертілген тіректердің параметрлері, мм

Дайындаманың цилиндрлік базасының сапалық параметрлері

Таблица 3.2

Дайындама материалы	Базаны өңдеу әдісі	$R_{z_3}$	$\Delta R_{z_3}$	$W_3$	$\Delta W_3$	$v_3$
		мкм				
болат	қайрау	30	20	10	10	1,94
		15	10	8	8	1,89
		7,5	5	5	6	1,8
		3,8	2,5	3	2	1,51
	Сыртқы цилиндрлік беттерді ыспалау	7,5	5	5	5	2,18
		3,8	2,5	3	2	1,94
		1,7	1,25	2	2	1,92
		1	0,65	1,5	1	1,9
шойын	қайрау	30	20	10	10	2,6
		15	10	8	8	2,2
		7,5	5	5	6	2,1
		3,8	2,5	3	2	1,8
	Сыртқы цилиндрлік беттерді ыспалау	7,5	5	5	5	1,99
		3,8	2,5	3	2	1,95
		1,7	1,25	2	2	1,83
қола	қайрау	30	20	10	10	2,2
		15	10	8	8	1,95
		7,5	5	5	6	1,9
		3,8	2,5	3	2	1,4
Алюминий қортпалары		30	20	10	10	1,8
		15	10	8	8	1,65
		7,5	5	5	6	1,6
		3,8	2,5	3	2	1,6

Ескерту .  $\Delta W_3$  мәне бір модельдегі бірнеше станокта дайындама базасын өңдеу үшін келтірілген. Базаны бір станокта өңдеу үшін  $\Delta W_3 \approx 0,3W_3$

Болат және шойын дайындамалардағы жалпақ базаларының сапалық параметрлері Кесте 3.3

Базаны өңдеу әдісі	Rmax <sub>3</sub>	Δ Rmax <sub>3</sub>	W <sub>3</sub>	R <sub>B.э.</sub>	ν <sub>3</sub>	b <sub>3</sub>	c'
	мкм						
Жону	45	30	12	95/20	2,2	1,75/0,75	5,24
	22,5	15	3,5/4	40/30	2,1/2	1,9/0,92	
	11,2	7,5	2	85/60	2/1,95	2/1,2	
	5,7	3,3	1/1,4	100/80	1,95/1,9	2,1/1,65	
Дөңбекті фрезбен фрезерлеу	22,5	15	7/6,2	250/200	2,2/2	0,4/0,42	5,24
	11,2	7,5	5/4,7	600/700	1,65/1,95	0,55/0,7	5
	5,7	3,3	3/2,3	700/800	1,4/1,8	0,6/0,75	5
Цилиндрлі фрезбен фрезерлеу	45	30	4/30	5/10	2,8	1,2/1,4	5,7
	22,5	15	15/12	40/25	2,55/2,6	1,5/1,6	
	11,2	7,5	9/10	40/30	2,35/2,4	1,6/1,7	
	5,7	3,3	7/5	45/60	2,25/2,15	1,65/2,1	
Жалпақ беттерді ыспалау	11,2	7,5	12/9	45/42	1,95/2	0,9/1	5,48
	5,7	3,3	7,5/5	50/115	1,85/1,97	0,95/1,25	5,24
	3,7	1,8	3,75/1,7	30/225	1,8/1,95	1,6/1,9	5,24
	1,4	1	1,2/1,3	350/340	1,65/1,19	2,3/2,7	5

Ескерту 1. Бөлшек алымында - тек болат үшін, бөлімінде – шойын үшін, қалғандары болат үшін де, шойын үшін де.  
 2.  $\Delta W_3 = (0,15... 0,2)W_3$  – бір станокта өңдеу кезінде;  $\Delta W_3 \approx W_3$  – бір модельдегі бірнеше станокта өңдеу кезінде  
 3.  $\Delta R_{B.э.} \approx (0,01...0,005)R_{B.э.}$  егер дайындама тозбаған бір станокта өңделсе;  $\Delta R_{B.э.} \approx R_{B.э.}$  дайындаманы бір модельдегі бірнеше станокта өңдеу кезінде

С<sub>м</sub>, С<sub>в</sub>, С<sub>ш</sub> коэффициенттерін анықтауға арналған мәліметтер  
Кесте 3.4

Дайындама материалы	С <sub>м</sub>	К	a	К <sub>1</sub>	a
Болат	0,026	0,82	0,695	0,62	0,55
Шойын	0,033	1,145	0,536	0,67	0,582
Қола	0,04	1,2	0,55	0,676	0,575
Алюминий қортпалары	0,056	1,46	0,49	0,87	0,56

Ескерту .  
 1.  $C_B = K(1 + W_3)^a$   
 2.  $C_{ш} = K_1(1 + W_3 + Rz_0 + Rz_3)^{a1}$

**1 мысал.** Берілгені: ( $E_3 = 140$  ГПа,  $\mu_3 = 0,25$ ,  $HВ = 170...190$ ,  $R_{max} = 200...300$  мкм) сфералық тіректерге ( $E_0 = 210$  ГПа,  $\mu_1 = 0,3$ ,  $r = 20$  мм) орнатылады. Тірекке нормаль бойынша әсер ететін күш  $Q = 2000 \pm 300$  Н. Тіректің мүмкінді тозуы  $u = 300$  мкм = 0,3 мм. Мүмкінді тозуға дейінгі бекіту қателігін анықтау қажет. Шешуі:

1. Есеп шарты бойынша  $Q = 2000$  Н;  $\Delta Q = 600$  Н;  $R_{\max} = 250$  мкм;  $\Delta R_{\max} = 100$  мкм; қаттылық  $HB = 180$ , 3.1 кестесіндегі 10 и 17 түсіндірме бойынша есептейміз:

$$\theta = (1 - 0,3^2) / 210 + (1 - 0,25^2) / 140 = \frac{1,1}{10^2} \frac{1}{ГПа}$$

2. 3.1 кестесі бойынша бекіту қателігін табамыз:

$$\varepsilon_3^I = \{6,2[(1,1/10^2)/(20*2000)]^{1/3} + 250/(19,56*2000^{8/9})*[1/(10,4*180(1,1/10^2*20)^{2/3})]^{1/3}\} 600 = 10 \text{ мкм.}$$

$$\varepsilon_3^{II} = \{2000^{1/3}[22,4*180(1,1/10^2*20)^{2/3}]\}^{1/3}*100=57 \text{ мкм.}$$

$$\varepsilon_{3.u.} = 125\left\{\left(1,1/10^2 \cdot 2000/20^2\right)^{2/3} + 250/20^{11/9} \times \left[2000^{1/3}/(10,4 \cdot 180(1,1/10^2)^{2/3})\right] (22,8 - 20)\right\} = 4,96 \text{ мкм.}$$

$$3. \varepsilon_3 = \sqrt{10^2 + 57^2} + 4,96 = 62,8 \text{ мкм.}$$

**2 мысал.** Берілгені : шойын дайындамалар ( $R_{\max} = 200 \dots 300$  мкм,  $HB = 170 \dots 190$ )

кедір – бұдырлы тіректерге 7034 - 0379 ГОСТ 13442 - 68\* орнатылады ( $D = 20$  мм;  $t = 2$   $b_1 = 0,5$  мм). Бір тірекке нормаль бойынша әсер ететін күш  $Q = 2000 \pm 300$  Н. Тіректің мүмкінді тозуы  $u = 300$  мкм. Пайдалану кезінде мүмкінді тозуға дейінгі бекіту қателігін анықтау қажет.

Шешуі. Мүмкінді тозуға дейінгі бекіту қателігін анықтау қажет

1. Есеп шарты:  $Q = 2000$  Н ;  $\Delta Q = 600$  Н.  $R_{\max} = 250$  мкм;  $\Delta R_{\max} = 100$  мкм;  $HB = 180$

2. 3.1 кесте бойынша:

$$\varepsilon_3^I = 0,15*250/2000^{2/3}[2^2/(\pi*20^2*0,5^2*180)]^{1/3}*600 = 6 \text{ мкм;}$$

$$\varepsilon_3^{II} = 0,46[2000*2^2/(\pi*20^2*0,5^2*180)^{1/3}]*100 = 24,2 \text{ мкм;}$$

$$\varepsilon_{3.u.} = 0,46*250[2000*2^2/(\pi*20^2*180)]^{1/3}[1/0,5^{2/3} - 1/(0,5+2*0,3)^{2/3}] = 24,7 \text{ мкм;}$$

$$3. \varepsilon_3 = \sqrt{(6^2 + 24,2^2)} + 24,7 = 49,65 \text{ мкм.}$$

**3 мысал.** Берілгені: Диаметрі  $50^{+0,2}$  мм, қайраумен өңделген ( $Rz_3 = 30$  мкм;  $\Delta Rz_3 = 20$  мкм;  $\nu_3 = 1,9$ ;  $W_3 = 8$  мкм;  $\Delta W_3 = 6$  мкм), болат 45 – тен жасалған дайындама кілттек саңылауын фрезерлеу үшін  $2\alpha = 90^\circ$  бұрышты призмаға орнатылады. Тіректі қалыпты салмақ  $q = 2000$  Н/см;  $\Delta q = 600$  Н/см. Призманың тіректі бетінің ең жоғары мүмкінді тозуы  $u = 0,3$  мм. Кесу күші призманың бір жағынан қолданылады. Мүмкінді тозуға дейінгі бекіту қателігін анықтау қажет.

Шешуі. 1. 3.4 кесте бойынша  $C_M = 0,026$ ;  $K = 0,82$ ;  $a = 0,695$ ;  $K_I = 0,62$ ;  $a_1 = 0,55$ ;  $C_B = 0,82(1 + 8)^{0,695} = 3,8$ ;  $C_{III} = 0,62(1 + 8 + 3,5 + 30)^{0,55} = 4,85$ .

$$R_H = 0,22[\sqrt{2,28 \cdot 50 \cdot 0,3} + (0,5 \cdot 0,2 + 0,57 \cdot 0,3)\text{ctg}45^\circ] / 0,3 = 26,3 \text{ мм};$$

$$K_H = \sqrt{26,3 / (26,3 - 0,5 \cdot 50)} = 4,5$$

$$R_{\text{н}} = 0,22[\sqrt{2,28 \cdot 50 \cdot 0,3} + (0,5 - 0,2 + 0,57 - 0,3)\text{ctg}45^\circ]^2 / 0,3 = 26,3 \text{ мм};$$



$$K_{\text{н}} = \sqrt{26,3 / (26,3 - 0,5 \cdot 50)} = 4,5$$

2. 3.1 кесте бойынша  $Rz_0 = 1,1$  мкм және  $\nu_0 = 1,4$  кезінде анықтаймыз:

$$\varepsilon'_\zeta = 0,1 \cdot 0,026 / \sin 45^\circ \cdot 600 = 2,2 \text{ мкм};$$

$$\varepsilon_{\zeta}'' = \{1,1-2000^{1/[10(1,1+1,9)]} 0,62 0,55/[\sin 45^{\circ}(1+ 8 + 1,1+ 30)^{1-0,55}] \} \times 20 = 2\text{мкм}$$

$$\varepsilon_{\zeta}^{\text{III}} = \{ 0,87 \cdot 2000^{0,2} \cdot 0,82 \cdot 0,695 / [\sin 45^{\circ} \cdot 50^{0,2} \cdot (1 + 8)^{1-0,695}] \} \cdot 6 = 5,9 \text{ мкм};$$

$$\varepsilon_{3.u.} = 0,1/\sin 45^\circ [0,4 - 0,026 \cdot 2000 / (1 + 4,5)^2 +$$

$$+ 3 \cdot 0,82(1 + 8)^{1-0,695} / (1 + 4,5)^{0,4} (2000 / 50)^{0,2} ](4,5 - 1) = 6,25 \text{ мкм};$$

$$3. \quad \varepsilon_3 = \sqrt{2,2^2 + 2^2 + 5,9^2} + 6,25 = 12,85 \text{ мкм.}$$

**Есеп.** 15000 дайындаманы өңдеуден кейін тіректердің тозуынан болған қателігін анықтау қажет. Дайындама, құралдары және өңдеу шарттары туралы мәліметтер 3.5, 3.6, 3.7 кестелерінде көрсетілген.

Дайындама мәліметтері

Кесте 3.5

Нұсқа	Материал	HRC <sub>3</sub> (HB)	Базалық беттің пішіні	N <sub>Г</sub>	T <sub>н</sub> , мм
1	Шыңдалмаған болат	(HB160	Цилиндр	40000	0,2
2		(HB220		100000	0,3
3	Шойын*	-	Жазықтық	55000	0,28
4				70000	0,18
5	Шыңдалған болат	HRC <sub>3</sub>		85000	0,16
6	Шойын*	-		20000	0,25
7	Шыңдалмаған болат	(HB 220)		5000	0,2
8	Шойын	-		25000	0,19

Құралдары бойынша бойынша мәліметтер

Кесте 3.6

Нұсқа	Тірек түрлері	Материал	ТІРЕК ҚАТТЫЛЫҒЫ HV	F, мм	Q, Н	L, мм
1	Призма	Болат 20	650	36,1	10000	20
2		Болат 40X	730	28,5	8000	40
3	Тірек пластинасы	Болат 20	500	640	9000	50
4	Жалпақ басты істік	Болат 45	700	28,3	2000	20
5		Қортпа BK8	800	28,3	2400	32
6	Сфера басты істік	БолатУЮА	600	2,9	6000	25
7		Болат 20	520	3,36	12000	30
8	Кедір – бұдыр басты істік	Болат40X	570	10	9800	45

Өңдеу шарты

Кесте 3.7

Нұсқа	Өңдеу әдісі	$\varpi$ , мм	T <sub>м</sub> , мин
1	Салқындатып фрезерлеу	0,1	1,95
2	Салқындатпай бұрғылау	0,12	2
3	Салқындатпай фрезерлеу	0,12	3,2
4	Салқындатпай ыспалау	0,06	4,7

5	Салқындатып ыспалау	0,06	2,1
6	Салқындатпай фрезерлеу	0,12	1,3
7	Салқындатып фрезерлеу	0,1	0,8
8	Салқындатпай қайрау	0,08	1,2

#### 4. Біліктерді дайындау технологиясы

##### 4.1 Әдіптерді есептеу

###### Теориялық бөлім

Әдіптер - тетіктің өңделетін бетін қажетті қасиеттерге жеткізу мақсатында дайындама бетінен алынатын материал қабаты. Тетік бетін өңдеу әдібі анықтамалық кестелермен немесе талдау – есептеу негізінде тағайындалады. Әдіптердің есептеу шамасы болып өңдеу кезінде бір сатыдан екінші сатыға өту кезінде дайындама бетіндегі ақауларды жоюға жеткілікті өңдеу үшін арналған әдіптің ең аз шамасы (минимальды әдіп) қабылданады. Минимальды әдіп:

а) сыртқы және ішкі беттерді өңдеу кезінде (екі жақты әдіп):

$$2 Z_{imin} = 2 [(Rz + h)_{i-1} + \sqrt{\Delta_{\Sigma_{i-1}}^2 + \varepsilon_i^2}] \quad (4.1)$$

б) ортадан айналу беттерін өңдеу кезінде:

$$2Z_{imin} = 2(Rz_{i-1} + h_{i-1} + \Delta_{\Sigma_{i-1}}); \quad (4.2)$$

в) қарсы жатқан беттерді жүйелі түрде өңдеу кезінде (бір жақты әдіп):

$$Z_{imin} = (Rz + h)_{i-1} + \Delta_{\Sigma_{i-1}} + \varepsilon_i \quad (4.3)$$

г) қарсы жатқан беттерді параллель өңдеу кезінде (екі жақты әдіп):

$$2Z_{imin} = 2[(Rz + h)_{i-1} + \Delta_{\Sigma_{i-1}} + \varepsilon_i] \quad (4.4)$$

мұндағы  $Rz_{i-1}$  – алдындағы саты кескініндегі тегіс емес жерлердің он нүкте бойынша биіктігі;  $h_{i-1}$  - алдындағы сатыдағы ақаулы бет қабатының тереңдігі (көміртектендірілген немесе ағартылған қабат);  $\Delta_{\Sigma_{i-1}}$  - алдындағы сатыдағы бет орналасуының жиынтық ауытқуы (параллельдіктен, перпендикулярлықтан, біліктестіктен ауытқуы);  $\varepsilon_i$  - орындалатын сатыдағы дайындама қондырғысының қателігі. Орналасу ауытқуын  $\Delta_{\Sigma}$  дайындамада (бірінші технологиялық саты), шала және алмас құралмен жартылай таза өңдеуден кейін (келесі технологиялық саты) және жылумен өңдеуден кейін анықтау қажет.

